

«Бекітемін»

Мектеп директоры  Утебаева Ж.Б.

« 01 » 2022 ж.



2022 -2023оқу жылына арналған «ЖББ Шахта мектебі»КММ-сі педагог-психологының ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Зерттеу әдісі	Уақыты	Жауапты
1	Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды анықтау, тізімін жасақтау, әлеуметтік куәлігін анықтау	Диагностика	Қыркүйек	Мектеп психологы
2	Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ұсақ қол моторикасын дамыту	Диагностика	Қазан	Мектеп психологы
3	Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың сынып жетекшісі және пән мұғалімдерімен кездесу	Кеңес, ұсыныс	Үнемі	Мектеп психологы
4	Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен психологиялық жұмыс «Бояулы сурет салу»	Арттерапия	Қараша	Мектеп психологы Логопед
5	Танымдық процесстерін дамытуға арналған ойын-жаттығулар	Ойын-жаттығулар	Үнемі	Мектеп психологы
6	Оқушының ата – анасымен кездесу	Кеңес	Үнемі	Мектеп психологы
7	Жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды	Ақпараттама, есеп жазу	Мамыр	Мектеп психологы

Мектеп психологы:  Отебаева А.К.
 Сарғұл Ж.Қ.

2022-2023 жылдағы ЕБҚЕ оқушылармен жүргізілген психологтың жұмыс туралы

Ақпарат

2022-2023 жылы ЕБҚЕ оқушылармен жүргізілетін психологтың жұмысы 5 бағыт бойынша жасақталып ұйымдастырылды.

1. Психоадаптация
2. Психологиялық диагностика
3. Психокоррекция және дамыту.
4. Психологиялық –ағартушылық жұмыс. (педагогтар және ата-аналар)
5. Ұжыммен психологиялық жұмыс.

Инклюзив (ерекше білімді қажет ететін) оқушылар саны - 2 оқушы.

Ерекше оқушылар қатарына қосылған оқушы 2 сыныпқа қабылданды. Былтырғы оқу жылында қабылданған оқушы 8 сыныпқа көшті. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың арнайы мамандардан алынған анықтама қағаздары бар. Бұл оқушылармен үнемі белгіленген кесте бойынша әр түрлі әдістемелік тапсырмалар, психологиялық дамыту, түзету жұмыстары жүргізіліп отырды. Мектепшілік консилиум ұйымдастырылып, ата-ананың келісімі алынып отырылды.

Бұл оқушыларға психологтың жылдық жоспардан бөлек ПМПК қортындысына сай жеке дамыту жоспарлары жасақталып, жұмыстар баланың дамуына қарай жүргізіліп отырылды.

Ұжым мүшелеріне «Бәріміз бірге» тақырыбында сынып жетекшілерге және де пән мұғалімдеріне арналған жиналыс ұйымдастырылды. Жаңадан келген мұғалімдерге ЕБҚЕ оқушылар «Инклюзивті білім беру» дегеніміз не түсіндіріліп, балаларды үйірмеге қатыстыруға, қоғамдық жұмыстарға қатыстыртуға тарту туралы да сөз қозғалды. Ары қарай психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Ата-аналарға арнап «Ата-ана мен арнайы мамандар арасындағы ынтымақтастық» атты ашық есік күні ұйымдастырылды. Ата-аналарға кабинетпен таныстырып, балалармен жасалып жатқан жұмыстармен таныстырып, баланың қазіргі кездегі жағдайына қарай ата-аналарға психологиялық кеңестер айтылды.

Оқушылардың сынып жетекшілерімен үнемі сабақ тапсырмаларын қалай орындайды, сыныптастарымен бірге ойнайды ма осы мақсатта байланысып, сабағына қатысып отырудамыз.

Оқушыларды қажеттіліктеріне, дамуына қарай әр қайсысына жасақталған жеке-дамыту сабаққа алып нейрогимнастикалық жаттығулар үнемі жасатуға, екі қолды пайдалана отырып суреттер салғызуға, үзік сызықтарды біріктіріп жалғастыруға, екі қолмен жолақтар бойымен қолын алмай жасату жаттығуларын орындатамыз. Оқушылардың мінез-құлқымен

(поведение) жұмыс жасап келеміз. Қырсық мінезді, кері жасайтын, теріс қылықтары бар. Ата-аналарымен тікелей байланысып, баланың жағдайларын ескерте отырып, соған сәйкес кеңес беріп отырмыз.

Қазіргі таңда бірінші тоқсандағы уақытпен салыстырғанда әлде қайда ілгерілеушілік бар.

Бұл оқушыларды жеке алған уақытта берілген тапсырманы орындайды.


Жүргізіліп жатырған психологиялық жаттығулардың пайдасы жоғары. Дамыту жаттығуларын орындап жасай алады. Мидың оң және сол жақ бөліктерінің үйлесімді жұмыс жасауы үшін қажет. «Тыныс алу гимнастикасы», «Құлақ және мұрын» жаттығуларында жасатамыз.

Ерекше оқушылармен «Менің шекарам», «Менің қасиеттерім», «Жеткіншектердің тұлғалық ерекшеліктерін дамыту және түзету жаттығулары», «Көңіл күйінді көтеріп, қуана біл!», психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. Сыныпта бейімделуге, жақсы қарым-қатынас жасау үшін бір-бірлерімен ойын жаттығулар жүргізіледі.

Оқушыларды топпен де сабаққа алып танымдық сабақтарды көрнекілікпен жүргізіп отырдық. Топпен сабаққа алған кезде балаларда ынталану, белсінділік байқалды. Бір оқушы жауап берсе екіншісі де қалмай жауап беруге тырысып отырды.

ЕБҚЕ оқушылардың ұсақ моторикасымен ірі моторикасын ойлау, сөйлеу қабілеттерін де дамыту аса маңызды. Сипап сезу, есту қабілеттерін көріп отырып жаттықтыру тағы да басқа әдістерді пайдаланудамыз.

Кинесологиялық жаттығулардың пайдасы зор.



Тақпақтардың сүйемелдеуімен орындалатын ұсақ моторика ойындарын ұйымдастыруына аса мән берген жөн. Бұл ойындар балалар үшін өте пайдалы. Себебі ойын баланың сөздік қорын көбейтеді, жеке сөздердің нақты әрі дұрыс айтылуын қалыптастырады.

Педагог- психолог :  Отебаева А.К

 Қожаназарова Б.С